# Жаңа бағдарлама – жаңа мүмкіндіктер



Қазақстан Республикасында педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бірегейі – Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық инстиуты. Аталған жоғары оқу орны қазіргі таңда 24 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды.

Білім беру жүйесіндегі елеулі өзгерістер институттың білім беру саласында да орын алуда. Атап айтсақ, осы уақытқа дейін 19 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындалса, қазіргі таңда 24 білім бағдарламасы бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылуда.

Өңірдің әлеуметтік жағдайын ескеру мақсатында математика және физика, физика және информатика, математика және информатика, биология және химия, география және тарих бағытындағы қосарланған мамандықтар негізінде білім бағдарламаларына абитуриент қабылдануда.

Білім бағдарламалары еңбек нарығындағы сұраныстарды қанағаттандыру мақсатында құрастырылады. Бағдарламаларды құрастыруда қаламыздың білім беру мекемелерінен келіп түскен талаптар ескеріліп, жұмыс берушілердің ұсыныстары, еңбек нарығының сұранысы білім беру жүйесіндегі өзгерістер негізінде жасалады.

Болон процесіндегі елеулі өзгерістер негізінде мектеп бітіруші түлек және ата-ана білім беру бағдарламалары тізілімінен жоғары сұранысқа ие болатын, мақсаты айқындалған, алдағы міндеттері анықталған, өзіне ұнаған, өзінің бейімділігіне сәйкес бағдарламаны, ЖОО таңдау құқығына ие болады. Анықтап айтқанда, талапкер оқуға түспес бұрын алдағы 4 жылда қандай пәндер оқитындығын, мамандықты меңгеру барысында қандай құзіреттіліктерге ие болатынын Болон процесі орталығы мен академиялық ұтқырлық орталығы сайтынан, білім беру бағдарламалары тізілімінен танысып біле алады.

Сонымен қатар 2020 жылдан бастап институтта студенттердің жеке оқу траекториясын құру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында негізгі және қосымша траекториялы білім бағдарламаларын оқу үрдісіне енгізу жоспарлануда. Ол дегеніміз – мектеп бітіруші түлек өзінің білім алу траекториясын өзі құрастыра алуы. Мысалы, жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағытында физика білім бағдарламасы таңдалса, физика және информатика немесе физика негізгі траектория, ал қосымша траектория бойынша химия, биология, ағылшын тілі, яғни студенттің бойындағы ерекше қабілетіне сай келесі білім бағдарламасын таңдай алады. 4 жыл білім алып маман атанғаннан кейін физика пәнінің мұғалімі (негізгі траектория) және қосымша траектория – химия, биология, ағылшын тілінен сабақ беру құқығына ие болады.

Жоғарыдағы мүмкіндіктер Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында жасалған. Еңбек нарығындағы сұраныстарды қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан бастап "Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог", "Биология және география" білім бағдарламалары бойынша қабылдау жүргізу жоспарлануда.

**Сәния ЖҰМАБАЕВА,**
**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының Академиялық бағдарламалар және әдістемелік кеңсесінің жетекшісі.**
Арқалық қаласы.